









2016-2017 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі

2016-2017 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып тәрбие жұмысы атқарылды. Білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және ұлттық рухты патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздерін танытуларына, болашақ маман иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау мақсатында, мектебімізде денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, тәуелсіз және жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту міндеттемесін алға қоя отырып, тәрбие жұмысы 8 бағытта жұмыс атқарды.

	<i>Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие</i>
	<i>Рухани-адамгершілік тәрбие</i>
	<i>Ұлттық тәрбие</i>
	<i>Отбасы тәрбиесі</i>
	<i>Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</i>
	<i>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие</i>
	<i>Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі</i>
	<i>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</i>

Бұл бағыттар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды, жоспарға сәйкес орындалды, түрлі тәрбиелік мәні бар мектепшілік іс-шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Салауатты, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, парасатты, күзіретті тұлға бейнесін қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балаларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;

- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- балалардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Мектеп-интернатының тәрбие жұмысы «Тәлім-тәрбие» орталығы іске асырылады:

- Сынып жетекшілер, тәрбиешілер;
- Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы;
- Мектеп психологы;
- Ата-аналар комитеті.

Тәрбие жұмысының мазмұны келесі кешенді әрекеттер бойынша орындалды:

- Танымдық белсенділік іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы;
- Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан әдістемелік көмек көрсету арқылы.
- Ұжымдық шығармашылық жұмыстар арқылы;
- Сынып жетекші мен тәрбиешілердің нәтижелі жұмыстары арқылы.

Мектепте биылғы оқу жылында тақырыпты акциялар, онкүндіктер, апталықтар ұйымдастырылып өткізілді:

- «Денсаулық фестивалі» акциясы;
- «Қарттарды аялайық» акциясы;
- «Біз салауатты өмірді таңдаймыз!» акциясы;
- «Ұлы Дала Елі - Тәуелсіздіктің 25 негізі» жиырма бес тақырыптық күн;
- «Достық шұғыласы» фестивалі;
- «Сұлулық пен денсаулық» айлығы;
- «Қауіпсіз интернет» онкүндігі»
- «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс!» акциясы;
- «Кітапхана-сарқылмас қазына» айлық.

Мектеп-интернатының тәрбие жұмысының тиімділік критерийі:

Бүгінгі күні мектептің тәрбие беру жүйесі қалыптасып, оқушылармен жүргізілген жұмыстар нәтижесінде тәрбиеленушілерінің тәрбиелік деңгейінің тұрақты түрде жоғарлау тенденциясы орын алып отыр.

- Оқушылардың тәрбиелеу деңгейінің көрсеткіші;

- Оқушылардың нәтижесін рейтинг бойынша анықтау.


Жыл бойы бойынша көп ұпай жинаған оқушылар рейтинг қорытындысы «Жыл оқушысы», «Жас ғалым», «Жас дарын» номинациялар бойынша соңғы қоңырау мерекесінде марапатталады.

Биылғы оқу жылында «Жыл оқушысы» Төлеген Нұржан, «Жас дарын» Кажина Аяжан, «Жас ғалым» Каиргельдинов Ахат ие болды.



Тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі әрине бала адамгершілігінің дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістер болуы тиіс. Адамгершілік қасиеттердің жетілуі – тәрбие жүйесінің нәтижесі және тәрбие жұмысы тиімділігінің негізгі критерийі-*тәрбие деңгейінің көрсеткіші*. Оқушылардың тәрбие деңгейін бағалау сауалнама нәтижесінде он бағыт бойынша анықталды. Отанға деген сүйіспеншілік, жауапкершілік пен парыз, оқуға жауапкершілікпен қарау, денсаулық және отбасы құндылығы оқушылар үшін ең маңызды болып табылады. Қоғамдық позициялары жақсы, азаматтық пен патриотизм, отбасылық, құқықтық мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан, білім алу үшін өз бетінше жұмыс істей алады. Жалпы оқушылардың әрекеттері де сәйкес келеді.

Оқушылардың тәрбие деңгейінің көрсеткіші



Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында қоғам өміріндегі маңызды мәселелер жөнінде азаматтық позициясын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру мақсатында іс-шаралар жоспарланып, жыл бойы жүзеге асырылды.

1-қыркүйек - Білім күні барлық сыныптарда оқушыларды төзімділікке, қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатымен "Мен өз Отанымның патриотымын" атты сынып сағаттары "Мәңгілік Ел" Елбасының патриоттық актісі шеңберінде өткізілді. Ел тарихына деген танымдық қызығушылығын дамыту, әр түрлі ұлт өкілдерін құрметтеуге тәрбиелеу, оқушылардың зияткерлік деңгейін көтеру міндеттері басты орынға қойылды.



Оқу жылының бірінші жартыжылдығында барлық іс-шаралар «Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу тұжырымдамасын іске асыру негізінде өткізілді.

21 қараша мен 15 желтоқсан аралығында «Ұлы Дала Елі - Тәуелсіздіктің 25 негізі» жиырма бес тақырыптық іс-шаралар жоспарға сай өткізілді:

21 қараша- Қазақстан Республикасының Конституциясы. Әдей Жайнагүл



22 қараша-Мемлекеттік рәміздер күні. Өткізген: Балғабекова З.А.



23 қараша -Мемлекеттік шекара.

Мемлекеттік шекара және мемлекеттік жер аумағы. Шарипов А.А.



24 қараша -Мемлекеттік тіл.

Мемлекеттік тіл – менің тілім. Маханбетова Б.Ж.



25 қараша-Жаһандық бастамалар.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ауқымды атқарған істері.

Қазақстандық даму жолы» Маженова А.А.



26 қараша -Азаматтық қоғам

«Мәңгілік Ел Ұландары» байқауы «Жас Ұлан» ұйымы Сабырова А.А



27 қараша- Бірегейлік және бірлік

Бір шаңырақтың астында Шалабаева А.Б.



28 қараша - Ұлттық валюта «Теңге-тәуелсіздік нышаны» атты ашық тәрбие сағаты «Сбербанк» АҚ бас менеджері Аслан Қазжанов қатысуымен өткізілді. Әдей Жайнагүл.



29 қараша - Ядролық қарусыз әлем. Ташмағамбетова Л.Н.



30 қараша - Ғылым мен жаңа технологиялар
«Тәуелсіз елдің жастары» блиц-турнир Алпыспаева С.А. Әдей Ж.



1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Президенті институты
Жақсыбергенова Б.Қ.



«Тарих және қазіргі заман» Искакова Д.М.



2 желтоқсан -Отбасылық құндылықтар. Сынып жетекшілер



3 желтоқсан Ұлт саулығы

«Денсаулық - ұлт саулығы» сынып сағаттар



4 желтоқсан - Спорт жетістіктері
Спорттық жарыстар. Дұшынықтыру пән мұғалімдері



5 желтоқсан - Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы«Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы - орындар мақсат!» пікір-сайыс Даулеткалиева Т.Б



6 желтоқсан - Мәдениет және руханият
«Өнермен өрнектелген Тәуелсіз Қазақстан» ән, өлең байқауы Шапей Х.



7 желтоқсан - Нұрлы жол
«Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» Құспекова Қ.М.



9 желтоқсан - Білім

«Білім – асыл қазына» білім турнирі Калина Т.Ө.



10 желтоқсан - Әлеуметтік жаңғырту
«Негізгі мақсат — әлеуметтік жаңғырту» Аубакирова Қ.Р.



11 желтоқсан - ЭКСПО «жасыл» технологиялары



12 желтоқсан - Индустрияландыру
«Индустрияландыруға бағыталу және оның барысы» Акбатаева К.С.



13 желтоқсан- Мықты Қазақстан – мықты өңірлер Жақсыбергенова Б.Қ.



14 желтоқсан- Астана
«Астананың дамуы – Қазақстанның дамуы» Асиенова М.М.



15 желтоқсан - «Мәңгілік ел» мәңгілік құндылықтары Шалабаева А.Б



«Ұлы Дала Елі - Тәуелсіздіктің 25 негізі» жиырма бес тақырыптық өткізілген іс-шаралар туралы қорытынды фотоальбом жасалды.

Мемлекеттік рәміздер – патриотизмнің басты құралы, елдігіміздің айғағы, ұлттығымыздың дінгегі екендігін насихаттау барысында оқушыларға «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» атты сынып сағаттары «Мемлекеттік нышандар тарихын білесің бе?» тақырыбында дөңгелек үстел, «Ел рәміздері-тәуелсіздік айғағы» атты кітап көрмесі, 5-6 сыныптарда «Еліміздің мемлекеттік нышандары», «Мемлекеттік рәміздер-ел мақтанышы», «Мемлекеттік рәміздер еліне саяхат» танымдық ойындар өткізілді.

2017ж 5 мамыр күні Ұлы Жеңістің 72 жылдығына, Қазақстан Қарулы күштерінің 25 жылдығына орай оқушыларды Қазақстандықтардың ерліктерімен таныстырып, Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде аразымызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Желбіре, Жеңіс жалауы!» атты салтанатты жиын өтті. Жиынға қатысушылар бір минут үнсіздікпен, отан үшін қаза болғандарды және соғыстан кейін еңбек етіп жүріп өмірден өткендерді еске алды. Сонымен қатар, Асель Қайратқызы мектеп атынан оқушылардың Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер аталары Мукашев Аусагит пен Жанайдар Рамазанға, тылдағы еңбек еткен Купеева Күлбану Рамазановнаға, Мыңжасарова Сапура Қайдарқызына және Шегебаев Ұзақбай Нұртасұлына ашық хат пен сыйлықтарды үлестірді. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата - бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеруге, үлгі-өнеге тұту мақсатында 9 «Б» сынып оқушылары ұйымдастыруымен «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты музыкалық-әдеби қойылым қойылды.

Ұлы Отан соғысы туралы білімдерін кеңейту, соғыста ерлік көрсеткен ата-бабаларымызды дәріптеу, патриоттық тәрбие беру, тылда еңбек етіп, соғыс қасіретін көрген үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы

мектепішілік «Арадагерге хат», «Елін сүйген азамат еді» шығармалар, «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» сурет байқауларын өткізді.



Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, саяси сауаттылыққа баулу, өз құқықтарын қорғай білуге үйрету мақсатында «Балалардың негізгі құқығы», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Мен және заң», «Құқық – әділет пен парасат жолы», «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

“Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу мақсатында «Жемқорлық саяси әлеуметтік қиын құбылыс» пікір-сайыс, «Сыбайлас-жемқорлық деген не?» тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары. Жоғарғы сынып оқушылары арасында сыбайлас жемқорлық ұғымын кеңінен таныстыру, оны болдырмауға тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары мен дөңгелек үстелдер өткізілді. 10 сыныптар арасында сынып жетекшілері-Әдей Ж мен Ахат А.Д. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес–ортақ парызымыз» атты дөңгелек үстел отырысын ұйымдастырды. 5-8 сынып оқушылары арасында «Адал еңбек ете білейік» сурет, 9-11 сыптар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ» шығарма байқаулары өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу – менің міндетім» тақырыбында сауалнама жүргізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында жұмыс үш кезең бойынша ұйымдастырылды:

ӘДЕП

ІЗГІЛІК

ӨНЕГЕ

- Әдеп- адамгершіліктің алтын діңгегі;
- Ізгілік- адамгершіліктің белгісі;
- Өнеге- адамгершіліктің құндылығы.

Бұл бағыттағы жұмыс «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие бағдарламасының рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесі арқылы сынып жетекшілер 5-6 сыныптарында «Әдептілік қағидалары - дене және рух тәрбиесі», «Әдептілік қағидалары- Әділ болу әдебі», «Әдептілік-адамгершілік бастауы», 7-8 сыныптарында «Сабырлық парасаттылықтың нышаны», «Ізгілік – адамдық қасиет», «Сабыр түбі- сары алтын» 9-11 сыныптарында «Өнеге отбасынан басталады», «Тумай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме», «Үлкен болып қалу үшін, ғаламда, Үлкен арман керек адамға», «Адам сол таза еңбекпен күнін көріп, Жаны үшін адамшылық ар сатпайды» тақырыбында сынып сағаттар, пікір-сайыстар, әдеби көріністер арқылы тәрбие берді.

Қараша айында «Сырғалым» қыздар клубы ұйымдастыруымен рухани-адамгершілік тәрбиесі мол «Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы» әдеби-музыкалық қойылым ұсынылды.



Қазан айында «Қарттарды аялайық» айлығы, ақпанда 5-7 сыныптар «Мейірімділік ертегі әлемінде» байқау, Наурыз мерекесіне орай «Көкшетау қаласы мемлекеттік басқармасының белгілі тұратын жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының» мұқтаж адамдарға және «Көкшетау қаласы, есту және тіл кемістігі бар балаларға арналған №4 облыстық арнайы түзету мектеп-интернаты» коммуналдық мекемесіне арнайы мерекелік бағдарлама, сыйлықтар дайындап «Наурыз- қайырымдылық пен бейбітшілік мерекесі!» қамқорлық акциясы ұйымдастырылды.





Ұлттық тәрбие бағытында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу «Ең бірінші бақытым - тілім менің» сынып сағаттар, «Жастар және Заман» пікір-сайыс, «Қазақстан-татулық пен бірліктің ордасы» көрме, «Мен елімнің болашағын қалай көремін?» шығармалар байқауы. (5-7 сыныптар), «Рухани келісім-бейбітшіліктің белгісі», «Менің Елім – Мәңгілік Ел», «Ата-баба аңсаған Мәңгілік ел» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

Отбасы тәрбиесі бағытында

Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Мұғалім, мектеп және ата-ана бірлесіп жұмыс істегенде ғана «Бала тәрбиесі» өз жемісін берері анық.

Қыркүйек айында Отбасы күніне орай сыныптарда «Менің сүйікті отбасым», «Менің отбасым – менің қорғаным!», «Отбасы бақыты-ұлт бақыты» ата-аналармен бірлесе тәрбие сағаттары, 6-7 сыныптарда "Толағай" отбасылық сайысы өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие


Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Осы бағытта 10-11 сынып оқушылары арасында «Мамандық-жетістік мерейі» тақырыбында пікір-сайыс өтті. Оқушылар Ш.Уәлиханов атындағы КМУ, Медициналық колледж, Абай Мырзахметов атындағы университетінің ашық есік күндеріне қатысып, болашақ мамандықтары туралы мәлімет алды. Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы ұйымдастырылды.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру мақсатында іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқарылды. Көркем эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша «Арайлы, алтын күз», «Жаңа жыл», «Бірлік пен ынтымақтың мерекесі», «Достық шұғыласы» фестивал ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты Мектептегі салауатты өмір салты – бұл оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталғын шаралардың кешені.

СӨС бойынша жұмыс келесі бағыттарда өткізіледі:



Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты.

5 қыркүйек күні мектебімізде «Денсаулық фестивалі - 2016» өтті. 5-6 сынып жетекшілері мектептің спорт алаңында оқушылармен спорттық ойындар, дене шынықтыру пәннің мұғалімі Бейсембаев А.А. «Жастар» стадионында

7-11 сынып оқушылары арасында 100 м қашықтыққа жүгіру, футбол жарыстарын Адаспаев Д.А. өткізді.

16 қазан күні мектеп-интернатында «Дүниежүзілік дұрыс тамақтану күні» аталып өтті. Іс-шараға облыстық салауатты өмір салты орталығының маманы Айнұр Илебекқызы қатысты. Айнұр Илебекқызы дұрыс тамақтанудың маңызы жайлы көптеген пайдалы, қызықты ақпараттар беріп, слайд арқылы фильм көрсетіп, сұрақ-жауап алмасты.

29 қазан-дүниежүзілік алкогольден бас тарту күні. Оқушыларға зиянды әдеттерден соның ішінде ішімдік ішуден сақтану, денсаулығына, болашақ ұрпаққа жау екендігін түсіндіру мақсатында сынып сағаттары өтті.

«Сұлулық және денсаулық» айлығы айлығы аясында сынып жетекшілер «Денсаулық пен сұлулықтың құпиясы» тақырыбында тәрбие сағаттарын

өткізді. Сонымен қатар, 5-7 сынып қыздар арасында «Дарын ханшайымы» байқауы өткізілді. 6 «Б» сынып оқушысы Саруар Лаура I орынға ие болды. «Салауатты өмір салты және зиянды әдеттер» тақырыбында СӨС облыстық орталығының маманы Кульбаева Айнур Елебекқызы оқушылармен тренинг–сабақ жүргізді. Тренинг - сабақ барысында екі топқа бөліп, 1- топқа «Денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер?» Ал 2 – топқа «Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет?» тапсырма берілді. Екі топ аз уақыт ішінде өз берілген тапсырманы жоғары дәрежеде орындап, өз ойларын еркін жеткізе білді. Жатақхана тәрбиешілері Ташмагамбетова Ғ.Қ., Сембаева Г.С. ұйымдастыруымен қазақ халқының әдеп- ғұрып дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға тән әдептілік, сыпайылық, инабаттылық, мейірімділік, төзімділік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттау мақсатында «Қыз өмірдің өрнегі», «Қыздарға әсемдік жарасады» 5-7 сыныптар арасында тәрбие сағаты, 10-11 сынып ұлдарының арасында «Болатын жігіт епшіл, болмайтын жігіт кекшіл» атты тақырыптарында дөңгелек үстел өткізілді.

«Туберкулезге қарсы күрес» (туберкулездің алдын алу шаралары туралы жалпы түсінік) оқушылардың өз денсаулықтарын сақтаудың маңыздылығы, жеке бас гигиенасы туралы түсінік қалыптастыру, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында Ақмола облыстық туберкулезге қарсы диспансері орталығынан арнайы маман фтизиатр – дәрігер Файзинов Аслан Нұрланұлымен сұхбат (сұрақ – жауап, кеңес әңгіме) жүргізді. «Сұлулық және денсаулық» айлығын қорытындылай келе, денсаулықтың айналасындағы адамдарға қуаныш сыйлайтынын, оның негізі салауатты өмір салтын ұстану екенін ұғынады.

Медициналық сараптама қорытындысы

№	диагност	2014-2015 оқу жылы	2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы
1	«Д» есебінде тұратын	28	30	48
2	Скалиоз	4	4	4
3	Көз	15	12	23
4	Жүйке жүйесі	7	5	6
5	Эндокриндік	4	4	5
6	Жүрек	2	3	2
7	Бүйрек	4	5	4
8	Асқазан-ішек жолдары	4	3	7

Қорытынды: Дәрумендер жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, оқу жүктемелерінің үнемі өсуі, ал бұған қарама-қайшы балалардың қозғалыс белсенділігінің барынша азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге жұмсайды. Демек, баланың бойында денсаулық мәдениетінің қалыптасуына басты мән беру керек.

Мектептің өзін-өзі басқару жұмысының бар болуы және тиімділігі.



"Жас Ұлан" - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

«Жас Ұлан» ұйымының бағыттары:

Парасат, Таным, Ұлт рухы, Тал бесік, Жігер, Жеті Жарғы, Еңбек.

Басқару құрылымы: Ұйым жетекшісі, Мектеп Ұланбасы, сынып Ұланбасы, бөлімдер бойынша жауаптылар.

Оқушылар үшін өзін-өзі басқару – ол қоғамдағы өзгеріске бейімделген, әлеуметтік жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғамдағы бірлестіктің ғылыми - әдістемелік қызметін жандандыру. Тәрбиелік-оқыту бағдарламасын тиянақты өткізуге, бос уақытын тиімді және үнемді пайдалану, құқығын және мүддесін қорғау, жаңа бастамаларына қолдау мен дамытуға, әлеуметтік жауаптылықты кеңейтуді, өмірінде кездесетін мәселелерді шешуге көмектеседі.

«Жас Ұлан» ұйымының Ұланбасы - Шайкенова Айри. Ұйымның «Салауат», «Жаңа ұрпақ» пікір-сайыс, «Сырғалым» қыздар клубы, «Адал ұрпақ» еріктілер клубы бар. Әр үйірменің басшылары сайланып жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес ұжымдық-шығармашылық істер атқарылады.

Қазақстан Республикасының төл мерекелеріне, атаулы күндерге арналған іс-шаралар барысында мектептің қоғамдық жұмысында белсенділік танытып, озат оқуымен ерекшеленген оқушыларды Республикалық қоғамдық бірлестігі «Жас ұлан» біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімін жүргізу дәстүрге айналған. Болашақты бүгіннен ойға алған әрбір жас өренге «Жас Ұлан» ұйымы көптеген мүмкіндіктерді ашуға апарар жол деп біледі.

Мектеп қабырғасында «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелерінің саны жыл сайын артып келеді. «Жас Ұлан» ұйымы қатарында 178 жасұландықтар бар. Ұйым мүшелерінің санының тез өсуі оқушылардың жасұландық атануға қызығушылығының артқандығын, әрбір жасұландықтың дара көшбасшы екендігін көрсетеді.

"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері





«Жас Ұлан» балалар ұйымы «Біздің ел – Қазақстан, Болашағы – Жас Ұлан!» ұранымен жұмыс атқарады. Ең маңыздысы «Жас Ұлан әлеміндегі игі істер», «Нұрлы жол» жасұландықтар жолы, «ЭСПО-2017» Қазақстанның болашағы», «Мәңгілік Ел ұландары».

Жасұландықтар ұйымдастыруымен «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш», «Елбасы күні - елдікке құрмет мерекесі!», «Дарын дауысы-2017», «Дарын ханзадасы мен ханшайымы-2017» байқаулары, «Жаңғырығы ерліктің жүрегімде» ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, «Бірлік пен ынтымақ» фестивалін өткізді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің мерекесіне орай «Жасай бер-Тәуелсіз Қазақстан!» атты мерекелік іс-шара өткізіліп, «Жас Ұлан» ұйымына жаңа буын өкілдерін қабылдайды.



2016-2017 оқу жылындағы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетістіктері

№	сайыс атауы	қатысушылар	нәтиже
1.	«Ақмола облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Жас Ұлан» көшбасшыларының «Ұланымыз Ұлы елдің» форумы	Жасұландықтар	«Үздік өңірлік ұйым» кубогы
2.	Облыстық «Үздік Ұланбасы – 2017» байқауы	Шайкенова Айри	Гран-при кубок
3.	«Мемлекеттік тілді, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті, тарихты және «Ұрпақ+» мәдени-білім беру бағдарламасын насихаттауға арналған іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу» атты әлеуметтік маңызы бар жоба аясында «Алаштың арыс азаматы» Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған облыстық эссе байқауы.	Үсен Серікбай Хайрат Әсем Сейілхан Замира Джангашкарова Аймира	III орын Алғыс хат
4.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Ақмола облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен облыстық «Бала би» шешендік өнер байқауы	Үсен Серікбай, Исжанов Арсен Төлеген Нұржан, Ризабек Болатхан	I орын кубок III орын кубок
5.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған облыстық мектеп оқушылары арасында өткен пікір-сайыс турнирі	Төлеген Нұржан, Ризабек Болатхан	I орын кубок
6.	«Ақмола облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» кубогына арналған облыстық пікір-сайыс турнирі	Үсен Серікбай, Исжанов Арсен	III орын
7.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен	Асылзада Қайырхан, Шайкенова Айри	Сертификат

	ЮНИСЕФ-тің 70 жылдығына арналған “Балаға мейірімді Қазақстан” республикалық Форум-фестивалі. Астана қ.	
8.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған “ Ұланымыз Ұлы елдің” республикалық көшбасшылар Форумы. Атырау қ.	Муталлапова Томирис, Сертификат Хаджимұратова Жамила
9.	«Ақмола облысы «Жас Ұлан» біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, Ақмола білім басқармасының қолдауымен «Мемлекеттік тілді, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті, тарихты және «Ұрпақ+»мәдени-білім беру бағдарламасын насихаттауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу» атты әлеуметтік маңызы бар жоба аясында облыстық «Қасиетті домбыра» байқауы	Шерғалиев Шыңғыс Алғыс хат



Шығармашылық, өнер байқауларының жетістіктері

№	сайыс атауы	қатысушылар	нәтиже
1.	“Бірлігіміз жарасқан” XII Республикалық Ұлттық жастар Дельфийлік ойындары “Тележурналистика” номинациясы	Қылышбек Абылай, Ризабеков Болатхан	II орын күміс
2.	Қазақстан Республикасы халқының тілдері күніне арналған мемлекеттік тілді насихаттау және жас өнерпаздарды қолдау мақсатында өзге ұлт арасында өткізілген «Қазақша караоке» қалалық вокалдық байқауы.	Соколова Алина	I орын
3.	Ақмола облысы ішкі істер саясат басқармасы, Ақмола облысы іскер әйелдер қауымдастығы қолдауымен өткізілген қалалық «Шашбаулым» сайысы	Хаджимұратова Жамила	II орын
4.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған, жастар мен жасөспірімдерді отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында өткізілген «Елім менің!» қалалық патриоттық әндер байқауы.	Хаджимұратова Жамила	III дәрежелі лауреат
5.	«Елім менің!» қалалық патриоттық әндер байқауы.	«Тұмар» тобы	Алғыс хат
6.	«Алаш» партиясының 100 жыл құрылуына арналған қалалық «Жас батыр-2017» байқауы	Байзолла Ерәлі	III орын
7.	Облыстық «Анама арнаймын...» эссе байқауы	Назибек Мейіржан	I орын
8.	«Өнерлі өрендер - 2017» қалалық өнерпаздар байқауы	Хаджимұратова Жамила	I орын
		Кайржанов Қуаныш Ерболатұлы Бекұлан Бахрам Аружан	Сертификат
9.	« Алтын дауыс- 2017» қалалық ән байқауы	Байзолла Ерәлі	II орын

10.	Көкшетау қаласы жастары мен студенттерінің әуелиетін дамыту және жас таланттарды табу мақсатында өткізілген «Махаббат аялдамасы» атты жас өнерпаздардың театрландырылған шоу - бағдарламасы	Шайкенова Айри Үсен Серікбай	II орын
-----	---	---------------------------------	---------

Мектептен тыс «Қажымұқан», «Бурабай», «Жас қайрат» спорт кешендері бапкерлерімен тығыз байланыс жасап, оқушылар облыстық, республикалық жарыстарға қатысып отырады.



Спорттық жарыстар нәтижесі

№	Жарыс атауы	қатысушылар	нәтиже
1.	Қарағанды қ. Бүкілқазақстандық жекпе-жек сайыс Қауымдастығы ұйымдастыруымен өткізілген жекпе-жек сайысынан 14-15 жастағы жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионаты	Темирбулатов Айдар	
2.	Қазақ күресінен Ақмола облысының кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» республикалық турниріне арналған облыстық іріктеу кезеңі	Темирбулатов Айдар Амангелді Ұлан, Сейілбек Мадияр	I орын III орын II орын
3.	Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында КСРО-ның Құрметті спорт шебері Қаз КСР-ның Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ахметжан Қазымбетовке арналған қазақ күресінен Республикалық турнир	Сейітов Алтынбек Дәуренбек Арман	II орын III орын

4.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған жасөспірімдер арасындағы ашық суда жүзу турнирі	Ералы Нұрасыл, Қажымұрат Али	I орын III орын
5.	Қазақ күресінен жастар арасында «Көкшетау Барысы» қалалық турнирінің қорытындысы	Саляхов Айдар, Тумирзин Мирас Ақболат Нұрдәулет Шерханов Абылай Қабдрахманов Жалғас Айтжанов Темірлан	I орын I орын II орын III орын III орын III орын
6.	28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиадаға арналған Көкшетау қ. бойынша жалпы білім беру мектептерінің оқушылары арасындағы Спартакиада бағдарламасында асық атудан.	Жалпы командалық	II орын
7.	2017 жылғы 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиадаға арналған Көкшетау қ. бойынша жалпы білім беру мектептерінің оқушылары арасындағы Спартакиада бағдарламасында қазақ күресі жарысы	Жалпы командалық Темирбулатов Айдар Тумирзин Мирас Сейілбек Мадияр Амангелді Ұлан Сейітов Алтынбек	I орын I орын I орын II орын III орын II орын
8.	Кикбоксингтан Ақмола облысы чемпионаты	Куспекова Алтыншаш	II орын
9.	Киокушинкай-кан каратэдан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған Ақмола облысы Чемпионатында	Аяпова Жанель	I орын
10.	Тұңғыш Президент күніне арналған Ақмола облысы чемпионатында шахмат турнирі	Даулетбай Дидар	I орын
11.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған облыстық қазақ күресі турнирі	Саляхов Айдар	II орын
12.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына	Темирбулатов Айдар	III орын

	арналған Көкшетау қаласы жалпы білім беру мектептерінің арасында «Қазақ күресі» бойынша өткен «Көкшетау Қабыланы» турнирінде		
13.	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне арналған қазақ күресінен ашық қалалық турнирі	Сеитов Алтынбек, Сабыр Нұрислам, Қайыр Шамиль	II орын
14.	Ақмола облысы чемпионатында 14 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар арасындағы шахмат турнирі	Даулетбай Дидар	II орын
15.	Ақмола облысы әйелдер арасындағы «Бес асық» турнирі	Ташенова Мадина	I орын
16.	Өскемен қаласы, Республикалық ашық суда жүзу турнирі	Қажымұрат Али	I орын
17.	Облыстық «Дельфин» атты суда жүзу турнирі	Кожахаева Әспет	I орын
18.	Қалалық мектепаралық ұлдар арасындағы волейбол жарысы	Мектеп командасы	III орын
19.	Киокушинкай-кан каратэдан қалалық Чемпионатында	Аяпова Жанель	II орын
20.	Ұлы Жеңістің 72 жылдығына арналған облыстық асық ату турнирі	Мектеп командасы Ташенова Мадина Урузбаев Ерсін Омаров Әліби Иммади Ерсін Қамидола Алтынбек	II орын

2017-2018 оқу жылына ұсыныстар:

- Ең үздік тәрбие сағаттарын бейне материалдарын жинақтау;
- Тәрбие сағаттарды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарлап, өткізу;
- Ата-ана, мектеп, білім алушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- Сынып жетекшілердің тәрбие қызметін жетілдіру үшін жұмыстың инновациялық формалары бойынша практикалық семинарлар өткізу;
- Балалардың әртүрлі жұмыстармен көбірек қамтылуы мақсатында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру.

Психологиялық қызмет жұмысына талдау

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үрдісінде әрбір оқушының тұлғалық қасиетін дамытуға; түрлі қызмет саласында арнайы және жалпы қабілеттерін ашу мен дамытуға әсер ететін психологиялық-педагогикалық жағдай жасау. Түрлі салада арнайы және жалпы қабілеттерді ашу және дамыту, ол үшін мына міндеттерді шешу қажет, дамудың барлық кезеңінде оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, әлеуметтік-психологиялық бейімделуде оңтайлы жағдай жасау, ол әрбір оқушының жеке әлеуетін ашуға жоғары деңгейде көмектеседі.



Осы оқу жылында мынадай міндеттер қойылды:

1. Әр түрлі жастық кезеңде балаларда толық тұлғалық, зияткерлік және рухани қасиеттерін дамытып, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға әсер ету.
2. Әрбір оқушының әлеуетін жоғары дәрежеде ашуға жол беретін психологиялық ортаны ұйымдастыруға және әлеуметтік-психологиялық бейімделуге көмек көрсету.
3. Баланың дарындылығын дамыту үшін жағымды психологиялық жағдай жасау, бұл баланың жетістікке жетуі үшін маңызды роль атқарады.
4. Жоғары сапаға бағытталған өмірлік жағдаяттарға күшті ой, теория құралдарын қолдану шеберлігі.

5. Балаларды психологиялық-педагогикалық негізде үйреніп, әрбір балаға жеке қарым-қатынас жасау.
6. Кеңес және түзету қызметі түрінде дер кезінде психологиялық көмек көрсету.

Оқушылар, сынып жетекшілері, ата-аналар және педагогтармен жұмыс жүргізілді.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- психодиагностика
- кеңестік-түзету жұмыстары
- психоағарту

1. Психодиагностика. Оқушыларды диагностикалауда жыл бойында танымдық қызметті зерттеуге бағытталған көптеген әдістер – есте сақтау, зейін, оқушының зияткерлік даму деңгейі, кәсіпке бағытталған қызмет, жүйке жүйесінің дамуына зерттеу жасалды, мұнда темперамент ерекшелігі де кіреді, эмоциональдық-жігер сферасы қалыптастырылды, келіспеушілік деңгейі, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, сондай-ақ баланың оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынасының деңгейін бағалайтын әлеуметтік мәртебесі кіреді.

Өткізілген психологиялық зерттеулерден мынаны айтуға болады:

Қыркүйек айы мен мамыр айы аралығында мектебіміздің орта буынымен бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ: 5-ші сынып оқушыларын мектепке бейімдеу кезеңінде психологиялық қолдау мақсатында оқушылардың оқу процесіне бейімделуін анықтау үшін сауалнама алынды. Сауалнамаға 36 оқушы қатысып, оның ішінде 28 оқушы оқу әрекетіне бейімделген. «Мектеп өміріне бағыттау» тақырыбында психологиялық тренингтер өткізілді, мұнда мектеп ережесі, мектептегі өзара қарым-қатынас жайлы, мектепке психологиялық дайындық деңгейлері Керн-Йиерасеканың «Мектепке психологиялық дайындық деңгейін анықтау» әдісімен зерттеліп, бейімделу кезеңінде қиыншылық көріп жүрген оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Бесінші сынып үлгерімі төмен оқушылармен түрлі психологиялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Зерттеу нәтижесі бойынша ұстаздарға ұсыныстар берілді: мектепке бейімделуі төмен оқушыларға ерекше зейін аударып, оларда оқуға деген жағымды қатынас орнату, өзін-өзі бағалауы төмен оқушыларда өзіндік бағасын жоғарылату үшін қолдап, жағдай жасауға көмектесу, төмен ұпай жинаған оқушыларда танымдық мотивацияны дамыту, оқушылардың мектепке деген қатынасын оң арнаға түсіру, мектептік өмірге үйрету қажет, ол үшін бала мектепке білім алып тәрбиелену үшін келетінін үнемі айтып отыру қажет, оқушыларда кеңістіктік байланыстар орнату қабілетін, көрнекілік қабылдау дәлдігін дамытқан жөн.

Ұстаздары мен ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер берілді.

5-7 сыныптар аралығында оқушыларымен жағымсыз мінез-құлықты түзету мақсатында «Менің сезімдерім», «Мектеп өміріне бағыттау», «Мен және менің сыныптастарым» тренинг сабақтары өткізілді.

5 «А», 5«Б», 6 «А», 6 «Б», 7 «А», 7 «Б», 8 «А», 8«Б» сыныптарында Н.Г. Лусканованың «Мектеп мотивациясы мен оқу белсенділігі» зерттелді, социометрия – өзара сынып ішіндегі қарым-қатынас деңгейі зерттелді, танымдық процестерінің даму деңгейлері анықталып, коррекция жұмыстары жүрді. Топты біріктіру, тез тіл табу белсенділігін дамыту мақсатында келесідей психологиялық сағаттар, тренинг, ақыл-кеңестер берілді: «Ұжым арасындағы қарым-қатынас», «Көңіл-күй. Эмоция», «Адамгершілік, шыншылдық тренингтері», «Логикалық ойындар» т.с.с.

5-ші сынып оқушыларын орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау мақсатында келесідей психологиялық сағаттар, тренинг, әңгімелер жүргізілді: «5-ші сынып деген не?», «Өзіңді таны», «Орта мектептегі жаңа оқушы», «Менің сыныбымның ғаламшары» т.с.с. Жеке бастарындағы мектепке қызығу деңгейі, мектептегі мазасыздану деңгейін, социометрия, танымдық процестерінің даму деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүрді. Зерттеу нәтижелеріне байланысты жеке дамыту-түзету жұмыстары өтті.

Аутодеструктивті (суицид профилактикасы) мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында жоспар бойынша қазан айының 22-30 аралығында, 5-11 сынып оқушылары арасында суицидтің алдын алу және «қауіп тобындағы» оқушыларды анықтау мақсатында «Сіздің суицидке бейімділігіңіз» әдістеме зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуден 5-11 сыныптардан 280 оқушы өтті.

5-7 сынып оқушыларынан Филлипстің мектеп мазасыздығы әдістемесі алынды, 8-11 сынып оқушыларына Разуваева әдістемесі өткізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша аутодеструктивті мінез-құлықты оқушы анықталмады.

Психоземоциялық жай-күйлерін меңгеру, ішкі жандүниелерін жүйелеу мақсатында 5-8 сыныптар аралығында психологиялық кеңестер мен тренингтер жүрді: «Суицид- қорқынышты қадам», «Өмір қымбат», «Шешімді қашанда табуға болады». Жоғары буын 9-11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тренингі суицидті алдын-алу мақсатында жүргізілді. Қатысқан 9-11 сынып оқушылары, нәтижесінде балалардың бойлары серігіп, түрлі өмірге деген, жанындағы досына деген жағымды пікір алмасты.

Жұмыс жоспарына сәйкес қараша айының 14-18 аралығында 5-10 сыныптарынан «Менің қауіпсіздігім» сауалнама алынды. Сауалнамаға 217 оқушы қатысты.

Мақсаты: 1. Отбасы мен мектеп ішіндегі қауіпсіздік деңгейлерін анықтау;
2. Ересектер мен жасөспірімдер тарапынан оқушыларға зорлық-зомбылық көрсету фактілерін анықтау;
3. Сұғанақтық пен күш көрсетудің алдын-алу мәселелерін зерттеу.
5-6 сынып оқушыларына 8 сұрақ берілді, ал 7-10 сынып оқушыларына 13 сұрақ берілді. Сауалнамада оқушылардың психологиялық жәй-күйін анықтау мақсатында «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесінде қолданылды.

Сауалнама қорытындысы:

1. Оқушылардың 88 % ешқайжерден, мектеп пен көшеде зорлық-зомбылық пен намыстарына ешкімнің тимейтіндігі анықталды.

2. Келеңсіз жағдайларда қысылғанда 11% отбасынан , мектептен жолдастарынан көмек алынатыны анықталды.
3. Ақша жинау фактісі мен сұғанақтықтың мәселесі ешбір сыныпта анықталмады.
4. Жалпы мектеп оқушыларының психологиялық хал-ахуалдары бірқалыпты, өздерін мектепте жайлы сезінетіні байқалды.

Ағартушылық жұмыс бағытында ата-аналармен кездесулерде әртүрліс еминар-тренингтер өткізілді. Ата-аналарға психологиялық кеңестер мен ұсыныстар берілді.

Мектебіміздің түлектері болатын 9-11 сынып оқушыларымен ҰБТ кезінде жүргізілетін психологиялық жұмыс жоспары құрылды. ҰБТ байланысты 11 сынып оқушыларының бағыт бағдарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, ұсыныстар берілді. 11 сынып оқушылар арасында ерекше қасиеттерін айқындау үшін,үрей деңгейін, оның факторларын анықтау және мектеп мотивациясының деңгейін әдістемелерін өткізіп,оған психологиялық талдау,жеке кеңес жүргізілді.Оқушылардың ауытқу ерекшкліктеріне байланысты,олардың ішкі қысымын,үрей деңгейін басу үшін, түзету жаттығулары жүргізілді, кеңестер беріліп көрсетілді. «Сенімділік – менің серігім» атты психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Сабақта оқушылардың ҰБТ-ге дайындық кезіндегі сенімділігн, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында «Сілкіп таста», «жылдамдық», «жағымды сөздер», «биіктік» жаттығулары орындалды. Оқушылармен күйзелістің әсері туралы әңгімелесіп, «Сенімділік кілті», «Менің қолымнан келеді», «Мен сенімдімін,себебі...» жаттығулары жүргізілді. «Сенімділік кілті» жаттығуы барысында оқушылардың өзіне деген сенімділігі жоғары екендігі анықталды. Өткізілген зерттеулерден соң әрбір балаға **«Жеке психологиялық карта»** жасалады, онда барлық жеке көрсеткіштері көрсетілген мәліметтер қоры, характерлік ерекшеліктер және ұсыныстар көрсетілген. Өткізілген зерттеулер нәтижесінде әрбір оқушымен қатар толық сыныпқа психологиялық қорытынды және анық мәліметтер қоры қалыптасқан, оқушыға саралау бағыты үшін жұмыстық қызметін құруға және дұрыс қалыптасуы үшін педагогтар мен тәрбиешілерге үнемі жеке тәртіпте қолжетімді.

2. Кеңестік-түзету жұмыстары. Түзету жұмыстары диагностикалық жұмыстардың өткізілуі нәтижесінде және сынып жетекшілер, оқушылардың психологқа жасаған өтініші негізінде жасалынды. Аталған жұмыс түрі жеке және топтық түрде өткізілді. Психолог есте сақтау және зейінді дамыту және тұрақтандыру бойынша жаттығуларды қолданды. Танымдық қызметті дамыту бойынша қосымша түзетуді қажет ететін оқушылар психолог дайындаған жеке тапсырмалар негізінде өзіндік дайындық сабағында шұғылданды. Ойлау қызметін дамыту бойынша да сабақтар өткізілді. Келіспеушілік күшті сыныптарда келіспеушілік жағдайынан шығу тәсілімен оқытылды. Эмоционалдық қауіпті жағдайларға қарсылық және оны алу тәсілімен оқытылды. 11-сыныптың ҰБТ-ке дайындығында оқушылармен

жұмыс бағдарламасы дайындалды, қауіптілік жоғары деңгейдегі топтар бойынша оқушылар тізімі жасалынды. Бағдарлама мақсатына емтихан кезінде стратегия және тактиканы өңдеуге қызмет етеді, онда өзіндік бақылау, өзіне деген сенімділікті көтеру дағдыларына үйрету әдісі енгізілген. Түзету сабақтарының негізгі тақырыптары:

- ✓ зейінді дамыту
- ✓ эмоционалды жағдайды түзету
- ✓ стресс жағдайында жұмыс
- ✓ қарсылыққа қарсы жұмыс


Оқу жылы барысында оқушылар психологқа әр түрлі мәселелермен келді, көпшілігі оқу үрдісіне және орнатылған тәртіпке бейімделу қиын екені туралы айтса, кейбіреулер сыныпта және бөлмелерде, өзара бір-бірімен, туыстар арасында және қарым-қатынаста қиындықтар туралы айтты. Сынып жетекшілердің өтініші өткен жылғы деңгейде қалып қойды.

3. Психологиялық ағарту

1. Оқу жылы ішінде 5-9 сыныптарында ашық психологиялық-педагогикалық жиналыстар өткізілді. Оның мақсаты - оқушылардың оқу үрдісіне және тәртіпке, өзара қарым-қатынас үрдісіне бейімделумен таныстыру.

2. Оқытушылар құрамымен «Жасөспірімдердің жастық ерекшеліктері», «Құрылымдық қарым-қатынас», «Менің жекелігім» тақырыптарында теренингтер өткізілді.

3. Балалармен жұмыс кезінде «Келіспеушілік», «Өзін-өзі тану», «Менің ішкі достарым және ішкі жауым», «Креативтілік» тақырыптарында түрлі психологиялық іс-шаралар ұйымдастырылды. Онда оқушылар өз ойларын дұрыс талдауға, басқа адамдардың эмоционалды жағдайын анықтауға, келіспеушілік жағдайында дұрыс әрекет жасауға, өзінің ішкі және жеке қабілеттерін ашуға және эмоционалды қысымды алып тастауға үйренді.



Шешілмеген мәселелер.

Педагогтармен оқушылар, педагогтар мен психологтың өзара байланысының жетіспеушілігі, оқушыларда жағдаяттық мәселелер қамтылуы аз, жеткіліксіздігі.

Ұсыныстар: 2016-2017 оқу жылында апта сайын сынып жетекшілер оқушыға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін және өзара жұмысты құру үшін оқушыларда қиындық тудырған кезеңдерді анықтау мақсатымен педагог психологқа жиі барып тұруы керек.

